

**«Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі
«Балбөбек» жеке бөбекжайы**

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы
«Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі «Балбөбек» жеке
бөбекжайы бойынша өзін-өзі бағалаудың
қорытынды есебі**

2026 жыл

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы
«Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі «Балбөбек» жеке
бөбекжайы бойынша өзін-өзі бағалаудың қорытынды есебі**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5 бабының 21-2 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V «Кәсіпкерлік Кодексінің» 137 бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-нқ бұйрығының 1 қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 101-НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 сәуірде № 38547 болып тіркелген) негізінде Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы «Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі «Балбөбек» жеке бөбекжайы Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру үшін 2026 жылғы маусым айының 4 күні кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы оздырылды. Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің 2026 оқу жылында мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2026 жылғы 5 маусым №24-нқ бұйрығымен өзін-өзі бағалауды жүргізетін комиссия мүшелері тағайындалды:

Комиссия төрайымы:

М.М.Халимуллина - «Балбөбек» жеке бөбекжайының директоры

Комиссия мүшелері:

А.Ж.Жумағалиева - бөбекжай әдіскері

Т.Т.Қабдықалықова - бөбекжай тәрбиешісі

Д.Г.Исмагулова - бөбекжай тәрбиешісі

А.А.Кенжебаева - бөбекжай тәрбиешісі

А.А.Төлеуғалиев - дене шынықтыру нұсқаушысы

И.М.Машекенова - есепші

Комиссия хатшысы:

Б.Б.Есетова - «Балбөбек» жеке бөбекжайының тәрбиешісі

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы «Нұрхан»ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайы жанынан құрылған комиссия өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтер және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау жүргізді.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

Білім беру ұйымының атауы: Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы «Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі «Балбөбек» жеке бөбекжайы

Білім беру ұйымының орналасқан жері және заңды мекен-жайы:
Индекс 090712, Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Көктерек ауылы
С.Ақбаев көшесі, 24

Заңды тұлғаның байланыс деректері: (телефон, электронды пошта, web-сайт):
телефон 8 775 412 60 60 balbobek.jeke2021@gmail.com
«Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайының web-беттері:
Сайт: <https://balbobek-jeke.edu.kz/>
Фейсбук: «Балбөбек» жеке бөбекжайы

Жалпы сипаттағы өлшемшарттар

- 1) **Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Білім туралы» заңдарының талаптарына сәйкестігі:** (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы бұйрық, білім беру ұйымының Жарғысы, лицензия (медкабинетке), қызметті бастағаны туралы хабарлама)
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында қызметтің басталғаны туралы хабарлама 17.08.2021 жылы алынған, хабарламаның кіріс тіркеу нөмірі №KZ59RVK00035703.
Бөбекжай Жарғысы Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы «Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі «Балбөбек» жеке бөбекжайы БСН 920105301932 10.09.2021 жылы құрылтайшының шешімімен бекітілген.
Бөбекжай басшыларын тағайындау туралы бұйрықтары бар.
(Құрылтайшы құжаттардың көшірмелері бөбекжай сайтына орналастырылды)
Қорытынды: Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес рәсімделген. Ұйымның жарғысы, мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы бұйрық, қызметті бастағаны жөнінде хабарлама және өзге де құрылтай құжаттары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сай келеді. Құжаттардың өзектілігі қамтамасыз етілген және білім беру қызметін заңды негізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бөбекжайда медициналық қызметпен айналысуға жеке кәсіпкер болғасын (ЖШС болуы шарт екен) рұқсат берілмей отырғандығы түсіндірілді. Сондықтан бөбекжай ашылғалы Казталов аудандық №2 ауруханасымен келісім шартта отырғандығы, барлық медициналық қызметті солар атқаратындығы анықталды.
Құжаттар белгіленген тәртіппен жүргізілген, олардың мазмұны мен рәсімделуі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңдарының талаптарына сәйкес келеді.
Өзін-өзі бағалау нәтижесінде аталған өлшемшарт бойынша ұйым қызметінде сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Құрылтай және рұқсат беру құжаттарының толықтығы мен заңнама талаптарына сәйкестігі расталды. Осыған байланысты өлшемшарт толық орындалды деп бағаланып, 4 балл қойылды.

2)	Білім беру ұйымы басшысының «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі (түісті бейіні бойынша басшы кадрлардың білім туралы құжаты, санаты туралы мәліметтер, жұмыс өтілі туралы ақпарат): Төлеуғалиев Асылхан Аманжолұлы – бөбекжай директоры қызметіне 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №1 бұйрық негізінде лауазымға тағайындалған. Білімі- жоғары. 1999 жылы Е.А.Бакетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек өтілі – 6 жыл. Байланыс телефоны: 8 705 166 52 52 Халимуллина Манзия Мұқасқызы – бөбекжай директоры қызметіне 2026 жылғы 1 маусымдағы №18 бұйрық негізінде тағайындалған. Байланыс телефоны: 8 775 412 60 60 Электрондық поштасы: khalimullina.manziya@mail.ru Білімі- жоғары. 1993 жылы Қазақтың қыздар педагогикалық институтын «Мектепке дейінгі педагогика және психология» мамандығы бойынша үздік дипломмен тәмамдаған. Біліктілікті арттыру курстары: - «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО «Баланы ерте дамыту бағдарлары» 09.02.2024 ж № 059774 - ЖШС «DARYN USTAZ» ПКБАО «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» 04.12.2025ж № 51477 - «Тәлімгер» ғылыми-әдістемелік орталығы «Авторлық бағдарлама жазудың әдістемесі» 29.12.2025 ж № 4277 - ЖШС «DARYN USTAZ» ПКБАО «Инклюзивті білім беру процесін қолдау, бейімдеу және нәтижелерін мониторингтеу» 15.06.2026 ж № 7122 - ЖШС «DARYN USTAZ» ПКБАО «Қазіргі заманғы менеджмент және көшбасшылық негіздері» 15.06.2026 ж № 1558 Еңбек өтілі- 33 жыл, оның ішінде 10 жыл бөбекжай меңгерушісі лауазымын атқарған. 2024 жылы «Педагог- сарапшы» біліктілік санатын «Мектепалды сынып тәрбиешісі» лауазымы бойынша алған. Қорытынды: Білім беру ұйымы басшысының білімі, еңбек өтілі және кәсіби даярлығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес келеді. Басшыны лауазымға тағайындау қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен рәсімделген. Тағайындау туралы бұйрық, еңбек шарты және кадрлық құжаттар заң талаптарына сай жүргізілген. Өзін-өзі бағалау барысында білім беру ұйымы басшысының атқарып отырған лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес келетіні және лауазымға тағайындау рәсімінің заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылғаны анықталды. Осы өлшемшарт бойынша сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Өлшемшарт өлшеуіштері сақталған, 5 балл деп бағаланды.
3)	Мектепке дейінгі ұйым түрінің «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы №503 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі (бөбекжай, балабақша,

отбасылық бөбекжай, санаториялық бөбекжай, мектепке дейінгі шағын орталық, арнайы бөбекжай, арнайы балабақша екендігін айқындайтын құжат):

«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Казталов аудандық сантарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне қате өтініш берілуіне байланысты (бөбекжай директоры А.А.Төлеуғалиевтің атынан емес, әкесі А.Т.Койшекеновтің атынан өтініш берілген) 16.08.2021 жылы № L.07. X. KZ81VWF00046327 санды санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды беру кезінде «Балбөбек» балабақшасы деп жазылып кетуіне орай 27.08.2026 жылы № KZ 03VWF00615181 санды қорытындымен «Балбөбек» бөбекжайы деп түзетіліп қайтадан алынған. (көшірмелері бөбекжайдың ресми сайтында орналастырылды)

Бөбекжайда тәрбие-оқыту үрдісін ұйымдастыру үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес 2023-2024 оқу жылында 4 топ, 2024-2025 оқу жылында 3 топ, 2025-2026 оқу жылында да 3 топ жұмыс жасаған. Негізгі жобалық қуаттылығы – 90 орындық, ауылда бала санының азаюына байланысты 1 топ жабылып қалып отыр.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 101-НҚ «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алып зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері толық қамтылды, жұмыс бағыттары мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындалуына нақты талдау жасалды.

(құжаттардың көшірмелері сайтқа орналастырылды)

Қорытынды: Мектепке дейінгі ұйым түрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы №503 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына» сәйкес келеді. Ұйымның ресми атауы мен мәртебесі құрылтай құжаттарында және мемлекеттік тіркеу деректерінде нақты көрсетілген. Ұйымның түрін растайтын құжаттар (жарғы, қызметті бастау туралы хабарламасы және ҰБДҚ мәліметтері) толық ұсынылған және қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Өзін-өзі бағалау нәтижесінде ұйым түрінің номенклатураға сәйкестігі толық расталды, сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Осы өлшемшарт бойынша 5 баллмен бағаланды.

- 4) **Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің:**
- «Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына;
- «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына;
- «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына;
- «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығының талаптарына сәйкестігі:
- Бөбекжайда білім беру бағдарламаларын және балаларды жан-жақты тәрбиелеуді іске асыру үшін 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған жылдық жұмыс жоспарлары жасалған. Жұмыс жоспарлары педагогикалық кеңестерде қаралып, бөбекжай директорымен бекітілген. Бөбекжайдың педагогикалық кеңес құрамы жыл сайын оқу жылының басындағы педагогикалық кеңестермен бекітілген, педагогикалық кеңестің жұмыс жоспарлары бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарына кіріктірілген, кеңес хаттамалары уақытылы жазылған. Әдістемелік кеңес жоспарлары да жылдық жұмыс жоспарларында көрсетілген, хаттамалары жазылған.

Алқалы басқару органдарының қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес және оқу-әдістемелік жұмыс бекітілген тәртіпке сай ұйымдастырылып, отырыстар жүйелі түрде өткізіліп отырады, хаттамалар белгіленген үлгіде рәсімделген.

Педагогикалық кеңестің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес жүргізілген. Қамқоршылық кеңестің жұмысы 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу-әдістемелік жұмыс 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығына, ал педагогикалық әдеп қағидалары 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес сақталған.

Барлық аталған құжаттар мен материалдар ұйымның ресми интернет-ресурсында (сайтында) толық көлемде орналастырылған және ашық қолжетімді. Бұл басқару құрылымының ашықтығын, жариялылығын және нормативтік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

(бөбекжайдың 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған жылдық жұмыс жоспарлары мен барлық алқалы органдардың жұмыс жоспарлары және хаттамаларының көшірмелері бөбекжайдың ресми сайтында орналастырылды)

Қорытынды: бөбекжайда білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған бөбекжай директоры бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамалары жинақталған және олардың қызметі білім беру ұйымдарында тәрбиелеу – білім беру процесін реттейтін нормативтік – құқықтық актілерге сәйкес келеді. Өзін-өзі бағалау нәтижесінде басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі толық көлемде заңнама талаптарына сәйкес келетіндігі анықталды. Сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Осы өлшемшарт бойынша 5 балл қойылды.

Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар

- 5) **Туісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі: (сапалық құрам (3жылғы), білімі туралы құжаты, қайта даярлау құжаты)**

Казталов ауданы «Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайы педагогтерінің барлығы да өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен ұсынылатын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алып, педагогтерінің кәсіби құзыреттілік деңгейі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 маусымдағы № 133 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 маусымда № 36207 болып тіркелген) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы" бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 сәуірде № 27394 тіркелген) бұйрығының біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Өзін-өзі бағалау барысында Ұлттық білім беру деректер қорындағы ақпарат негізінде педагогикалық кадрлардың құрамына, олардың біліктілігіне, мектепке дейінгі ұйым қызметінің Үлгілік қағидалары талаптарының орындалуына талдау жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында (4 топ жұмыс жасаған) барлығы 13 педагог: оның 1 директор, 1 әдіскер, 8 тәрбиеші, 1 қазақ тілі мұғалімі, 1 педагог-психолог, 1 дене шынықтыру нұсқаушысы. Әдіскер А.А.Кенжебаева қосымша 0,5 бірлік тәрбиеші қызметін, тәрбиеші Д.Г.Исмагулова қосымша 0,5 бірлік педагог-психолог қызметін атқарған. 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап әдіскер А.А.Кенжебаева декреттік демалысқа шығуына байланысты орнына уақытша әдіскердің міндетін уақытша атқарушы болып А.А.Төлеуғалиев қызмет атқарған.

Тәрбиеші А.Ж.Жумағалиева 2022 жылы Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бөліміне оқуға түсіп, сырттай оқып жатқандығын растайтын анықтамамен жұмыс жасаған.

Оның ішінде жоғары білімі бар – 4 педагог (31%), арнаулы орта білімі бар – 8 педагог (62%), аяқталмаған арнаулы орта біліммен – 1 педагог (7 %). Тиісті бейіні бойынша және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі- 92% құрайды. Бөбекжай директоры А.А.Төлеуғалиевтің ғана «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» бойынша мамандығы сәйкес келмейтіндігі анықталды.

2024-2025 оқу жылында(3 топ жұмыс жасаған) барлығы 11 педагог: оның 1 директор, 1 әдіскер, 6 тәрбиеші, 1 қазақ тілі мұғалімі, 1 педагог-психолог, 1 дене шынықтыру нұсқаушысы. Тәрбиеші Д.Г.Исмагулова қосымша 0,5 бірлік педагог- психолог қызметін атқарған. Оның ішінде жоғары білімі бар – 4 педагог (36%), арнаулы орта білімі бар – 6 педагог (55%), аяқталмаған арнаулы орта біліммен – 1 педагог (9 %). Тиісті бейіні бойынша және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі- 91% құрайды. Бөбекжай директоры А.А.Төлеуғалиевтің ғана «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» бойынша мамандығы сәйкес келмейтіндігі анықталды.

2025–2026 оқу жылында (3 топ жұмыс жасаған) 13 педагог: оның 1 директор, 1 әдіскер, 6 тәрбиеші, 1 қазақ тілі мұғалімі, 1 педагог-психолог, 1 дене шынықтыру нұсқаушысы, 2 музыка жетекшісі. Бөбекжай директоры А.А.Төлеуғалиев мамыр айының соңына дейін қызмет атқарған, маусым айынан бастап М.М.Халимуллина жұмысқа қабылданған. Тәрбиеші Д.Г.Исмагулова мамыр айына дейін қосымша 0,5 бірлік педагог- психолог қызметін атқарған, маусым айынан бастап Ж.Ж.Амангелдиева жұмысқа қабылданған. Оның ішінде жоғары білімі бар – 9 педагог (69%), арнаулы орта білімі бар – 4 педагог (31%). Тиісті бейіні бойынша және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтардың үлесі- 100 % құрайды.

2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарының штаттық кестесі бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 21 тармағы негізінде «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы және 2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 356 бұйрығына сәйкес қаралды. Бағаланатын кезеңге штаттық кестелер мен педагогтердің сапалық құрамы бөбекжай директорының қолымен бекітіліп, мөрімен расталған, штаттық кесте, сапалық құрам бөбекжайдың ресми сайтында орналастырылды. Әдістемелік ұсынымның 1–қосымшасы негізінде кадрлық құрам бойынша берілген мәлімет штаттық кестемен және Ұлттық білім беру деректер қорытынды ақпараттарымен сәйкес келеді.

Оқу жылдары	Барлық педагогтар саны	Соның ішінде жоғары оқу орнын бітіргендер саны	%	Барлық педагогтар (менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер)	Соның ішінде «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»	%
2023-2024	13	4	31 %	10	8	80 %
2024-2025	11	4	36 %	8	6	75 %
2025-2026	13	9	69 %	8	8	100 %

	(2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарындағы педагогтарды білімдерін растайтын құжаттары 1-қосымшаға толтырылып, ресми сайтқа орналастырылды) Қорытынды: Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі қолданыстағы біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Педагогтердің білім деңгейі атқаратын лауазымдарына сай келеді және тиісті дипломдармен, қайта даярлау туралы құжаттармен расталған. Бөбекжай директоры А.А.Төлеуғалиевтің ғана «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» бойынша мамандығы сәйкес келмейтіндігі анықталды. Өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың білімі туралы құжаттары зерделеніп, олардың белгіленген талаптарға сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша талаптар толық орындалып, 5 баллмен бағаланды.
6)	Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 жылда бір рет (оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет арттыруы немесе растауы бойынша үлесі: (біліктілік санатынан өту жоспары (3 жылғы), білімі туралы құжаты, қайта даярлау құжаты) Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (өзгерістер 2025 жылғы 31 наурыздағы № 59 бұйрығы) бекітілген мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата–анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 24 тармағына сәйкес «Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайының педагогтері кемінде үш жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырып (растап) отырған. (1-қосымшада жалғанды) 2023–2024 оқу жылы: 13 педагог: оның ішінде 3 педагогтің санаты бар: 2 педагог- модератор, 1 I санат, 4- жас маман. 2024–2025 оқу жылы 11 педагог: оның ішінде 2 педагогтің біліктілік санаты бар, екеуі де педагог–модератор, 1 I санат, 3- жас маман. 2025–2026 оқу жылы 13 педагог оның ішінде 9 педагогтің біліктілік санаты бар, оның ішінде: педагог-сарапшы – 2, педагог–модератор –7, 2 тәрбиеші (Т.Т.Қабдықалықова және А.А.Кенжебаева) 2026 жылы санатқа өтініш беріп, «Педагог-модератор» біліктілік санаттарын сәтті қорғап шығып, 01.06.2026 жылы № 23 бұйрықпен куәліктерін алғандықтары анықталды, бірақ ережеге сәйкес 2026-2027 оқу жылында төленетін болғандықтан санға қосылмады. Педагогтер белгіленген мерзімдерде аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын растаған немесе арттырған, алайда басшылық құрам белгіленген мерзімдерде аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын арттырмаған. (Педагогтердің біліктілік санаттарының куәліктерінің көшірмелері 1-қосымшаға тіркелді және ресми интернет-ресурстарына орналастырылды) Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-нқ бұйрығының 1 қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің үлесі 69%. Дәлелдеме құжаттары 1–қосымшада жалғанған.

Кестеде 2023–2026 жылдардағы педагогтердің біліктілік санаттары туралы мәлімет ұсынылған:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Біліктілік санаттары бар педагогтар	%	Біліктілік санаты							
				Директордың біліктілік санаты	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ педагог
2023-2024	13	3	23 %	0	0	0	2	0	1	0	10
2024-2025	11	3	27 %	0	0	0	3	0	0	0	8
2025-2026	13	9	69 %	0	0	2	7+2	0	0	0	2

Қорытынды: Педагогтердің біліктілік санатын арттыруы немесе растауы қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асырылған. Педагогтер белгіленген мерзімдерде аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын растаған немесе арттырған, алайда басшылық құрам белгіленген мерзімдерде аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын арттырмаған. Педагогтердің біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілген, аттестаттау нәтижелері тиісті құжаттармен расталған. Өзін-өзі бағалау барысында педагогтердің біліктілік санаттарына қатысты құжаттары зерделеніп, талаптардың толық сақталғаны анықталды. Осы өлшемшарт бойынша қойылатын талаптарға сәйкес 2 баллмен бағаланды.

- 7) **Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесінің сәйкестігі:** (біліктілік санатынан оту жоспары (3 жылғы), біліктілік санатынан оту тізімі (3 жылғы), біліктілік санатының куәліктері (3жылғы)

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсын өткізу және ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» № 95 бұйрығына сәйкес біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолданыстағы өзгерістері мен толықтыруларымен енгізілген нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарының талаптарына сәйкес педагогтердің біліктілігін арттыру кемінде үш жылда бір рет жүзеге асырылады.

Осы талаптарды орындау мақсатында «Балбөбек» жеке бөбекжайында 2023-2026 жылдарға арналған педагогтердің біліктілігін арттыру және кәсіби құзыреттілікті жетілдіру жоспары бөбекжай директорымен бекітілген. Жоспарға сәйкес педагогтер үш жылда бір реттен сиретпей біліктілікті арттыру курстарынан өтіп отырған.

2023–2024 оқу жылында тиісті бейін бойынша 5 педагогтың біліктілігін арттыру курстары бар, 4 педагог жас маман болып табылады.

2024–2025 оқу жылында тиісті бейін бойынша 7 педагогте біліктілікті арттыру курстары бар, 3 педагог жас маман.

2025–2026 оқу жылында басшы мен тиісті бейін бойынша барлық педагогте де біліктілікті арттыру курстары бар, 100% пайыз құрайды.

Оқу жылдары	Педагогтер саны	Біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер саны	Пайыздық мөлшермен (%)
2023-2024 оқу жылы	13	5	38%
2024-2025 оқу жылы	11	7	64%
2025-2026 оқу жылы	13	13	100%

Бөбекжай директоры Халимуллина Манзия Мұқасқызы 15.06.2026 жылы ЖШС «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығынан «Қазіргі заманғы менеджмент және көшбасшылық негіздері» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өткен.

(Курс сертификаттары бөбекжай сайтына орналастырылды)

Қорытынды:

Педагогтердің, оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының, біліктілікті арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өтуі қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес қамтамасыз етілген. Барлық педагогтер біліктілікті арттыру курстарынан уақытылы өтіп, тиісті сертификаттармен расталған.

Өзін-өзі бағалау барысында педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі бойынша құжаттар зерделеніп, олардың белгіленген мерзімдерге сәйкес келетіні анықталды. Курстардан өту туралы мәліметтер педагогтердің жеке іс-құжаттарында тіркелген. Осы өлшемшарт бойынша талаптар толық орындалып, 5 баллмен бағаланды.

Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар

- 8) **«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы:**(кестеге сәйкес тәрбиеленушілердің тізімін ұсыну 3 жылғы; жас ерекшеліктері бойынша әр топтың жеке тізімдері (3 жылғы) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшаның 25-тармағына сәйкес («Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында (бір жас тобында–1 жыл) бөбекжайда 2023-2024 оқу жылында 4 топ, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарында 3 топ жасақталған. 2023–2024 оқу жылында «Балбөбек» жеке бөбекжайында оқу мен тәрбие беру процесі 4 топта жүргізілген. Топтардың толымдылығы 15–25 баланы құрайды.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Топтағы бала саны	Соның ішінде ерекше қажеттілігі бар балалар саны
1	«Күншуақ»	ерте	15	0
2	«Балапан»	кіші	20	0
3	«Құлыншақ»	ортаңғы	19	0
4	«Жұлдыз»	ересек	22	0
	Барлығы: 4 топ		76	0

2024–2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымшасының 25-тармағына сәйкес балалардың толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында 3 топ жасақталған, оның бір тобы аралас топ болып қалыптасқан.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Топтағы бала саны	Соның ішінде ерекше қажеттілігі бар балалар саны
1	аралас «Күншуақ»	ерте-кіші	5+15	0
2	«Балапан»	ортаңғы	19	0
3	«Құлыншақ»	ересек	18	0
	Барлығы: 3 топ		57	0

2025–2026 оқу жылында да Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1–қосымшасының 25–тармағына сәйкес балалардың толық жасын ескеріп, оқу жылының басында 3 топ жасақталған, оның бір тобы аралас топ болып қалыптасқан.

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Топтағы бала саны	Соның ішінде ерекше қажеттілігі бар балалар саны
1	аралас «Құлыншақ»	ерте-кіші	7+18	0
2	«Күншуақ»	ортаңғы	18	0
3	«Балапан»	ересек	17	0
	Барлығы: 3 топ		60	0

(Әр оқу жылындағы топтардың бекітілген тізімдері бөбекжайдың ресми сайтына орналастырылды)

Қорытынды: Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылған. Топтарды жинақтау кезінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері толық ескеріліп, белгіленген нормативтік талаптар сақталған.

Өзін-өзі бағалау барысында жас топтарын қалыптастыру бойынша құжаттар (топ тізімдері, бұйрықтар) зерделеніп, олардың қолданыстағы талаптарға сәйкес келетіні анықталды. Ұйымда жас топтарын қалыптастыру талаптары толық орындалған.

Осы өлшемшарт бойынша 5 баллмен бағаланды.

- 9) Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы: (топтардың жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жасақталған топтағы бала саны)**

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымшаға «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» сәйкес бөбекжайдағы жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы зерделенді. Нәтижесінде:

2023-2024 оқу жылында балалардың күнтізбелік жылда толық жасқа толуын негізге ала отырып 4 топ қалыптасқан, әр топтағы бала саны төмендегіше:

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Топтағы бала саны
1	«Күншуақ»	ерте	15
2	«Балапан»	кіші	20
3	«Құлыншақ»	ортаңғы	19
4	«Жұлдыз»	ересек	22

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасы 1 тараудың 7 тармағына сәйкес «Жас ерекшелігі бір

қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы» талаптарының «Күншуақ» ерте жас тобында сақталмағандығы, яғни белгіленген толымдылықтың асып кетуі анықталды (5 балаға артық)

2024-2025 оқу жылында бөбекжайда балалардың күнтізбелік жылда толық жасқа толуын негізге ала отырып 3 топ жасақталған, әр топтағы бала саны кестедегідей болған:

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Топтағы бала саны
1	аралас «Күншуақ»	ерте-кіші	5+15
2	«Балапан»	ортаңғы	19
3	«Құлыншақ»	ересек	18

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасы 1 тараудың 7,8 тармақтарына сәйкес «Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы» және «Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы» талаптарының аралас «Күншуақ» ерте жас- кіші тобында сақталмағандығы, яғни белгіленген толымдылықтың асып кеткендігі анықталды (5 балаға артық).

2025-2026 оқу жылында да балалардың күнтізбелік жылда толық жасқа толуын негізге ала отырып 3 топ жасақталған, әр топтағы бала саны төмендегіше:

№	Топтың атауы	Жас кезеңі	Топтағы бала саны
1	аралас «Құлыншақ»	ерте-кіші	7+18
2	«Күншуақ»	ортаңғы	18
3	«Балапан»	ересек	17

Бұл оқу жылында да аралас «Құлыншақ» ерте жас-кіші тобында бала саны толымдылықтан 10 балаға артық екендігі анықталды.

Бұл ауытқушылықтардың болуы ауылдағы бала санының жас ерекшеліктеріне сай аздығы топ жасақтау кезіндегі қиындықтарға әкеліп соқтыратындығымен түсіндірілді.

(Тәрбиеленушілердің тізімі сайтқа орналастырылды, 2 қосымшамен де тіркелді)

Қорытынды: Бағаланған оқу жылдары ішінде балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптары зерделеніп, бағаланды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасы 1 тараудың 7,8 тармақтарына сәйкес «Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы» және «Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы» талаптарының топта жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы, 2 жастағы) балалар болған кезде сақталмағандығы, яғни белгіленген толымдылықтың асып кеткендігі анықталды. 2023-2024 оқу жылында «Күншуақ» ерте жас тобында сақталмағандығы, яғни белгіленген толымдылықтың асып кетуі анықталды (5 балаға артық), 2024-2025 оқу жылында аралас «Күншуақ» ерте жас- кіші тобында сақталмағандығы, яғни белгіленген толымдылықтың асып кеткендігі анықталды (5 балаға артық). 2025-2026 оқу жылында аралас «Құлыншақ» ерте жас-кіші тобында бала саны толымдылықтан 10 балаға артық екендігі анықталды. Бұл бөлім өлшемшартқа сәйкес 2 баллмен бағаланды.

10) **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жағдайда, Үлгілік қағидаларға сәйкес топтарды жинақтау талаптарының сақталуы: (мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша)**

«Балбөбек» жеке бөбекжайында 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болмаған.

- 11) **Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» талаптарына сәйкестігі:** (жұмыс оқу жоспары, перспективалық жоспар, циклограммалар, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, вариативтік бағдарламалар)
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енгізу №182 бұйрығымен бекітілген) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 22 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың 25, 26 тармақшаларына сәйкес Казталов ауданы «Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайы тәрбиеленушілері 1 жастан бастап қабылданып, 5 жасқа дейін Үлгілік оқу бағдарламаны толық меңгеріп шығады. Мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады, бұл балалардың қозғалысы туралы бұйрықтармен расталған. «Балбөбек» жеке бөбекжайында 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында мектепалды тобы қалыптастырылмаған.
- 2023-2024 оқу жылында «Жұлдыз» ересек тобындағы 22 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, мектептің мектепалды сыныбына шығарылған.
- 2024-2025 оқу жылында «Құлыншақ» ересек тобындағы 18 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, мектептің мектепалды сыныбына шығарылған.
- 2025-2026 оқу жылында «Балапан» ересек тобындағы 17 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, мектепалды тобына шығарылады деп жоспарлануда.
- 2023-2024 оқу жылында «Балбөбек» жеке бөбекжайы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып, ұйымдастырған:**
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартты;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 қосымшалары;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

-Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мектепалды мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы).

2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырған:

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидалары;

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;

-2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы).

2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырған:

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын

бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидалары;

Балалардың жеке даму деңгейін бақылау Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы және мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар негізінде жүзеге асырылған. Балалардың жеке даму мониторингі жыл бойы бастапқы, аралық және қорытынды бақылау кезеңдерінде жүргізілді. Бақылау нәтижелері әр тәрбиеленушінің Жеке даму картасына жүйелі түрде енгізіліп, баланың білім, білік, дағдысының қалыптасу деңгейі, жеке ерекшеліктері мен даму динамикасы сараланған. Бастапқы бақылау нәтижелері негізінде әр баланың даму қажеттіліктері айқындалып, педагогтер тарапынан жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары жоспарланса, аралық бақылау барысында жүргізілген іс-шаралардың тиімділігі талданып, қажет болған жағдайда жеке жұмыс жоспарларына толықтырулар мен өзгерістер енгізілген. Қорытынды бақылау нәтижесінде тәрбиеленушілердің дамуындағы оң өзгерістер анықталып, келесі жас кезеңіне қойылатын күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейі бағаланған. Бақылау қорытындылары педагогикалық кеңестерде, әдістемелік отырыстарда қарастырылып, білім беру процесін жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылданып отырылған. Ата-аналарға балалардың даму динамикасы туралы ақпарат беріліп, үй жағдайында қолдау көрсетуге арналған ұсынымдар ұсынылған. Анықталған нәтижелер негізінде педагогтер циклограммаларда және күнделікті тәрбиелеу-білім беру процесінде түзету, толықтыру және қолдау іс-шараларын жоспарлап, жеке және шағын топтық жұмыстарды ұйымдастырып отырған. Циклограммаларда мониторинг қорытындылары бойынша жүргізілетін жеке жұмыстар, дамытушы ойындар, арнайы жаттығулар, қайталау және бекіту іс-әрекеттері жүйелі түрде көрініс тапқан. (2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы тәрбиеленушілердің жеке даму карталары және бақылау нәтижелері бойынша жүргізілген жұмыстар ресми сайтқа орналастырылды)

Қорытынды: Жеке даму карталарының жүргізілуі және бастапқы, аралық, қорытынды бақылау нәтижелерін талдау мектепке дейінгі ұйымдағы мониторинг жұмысының жүйелі ұйымдастырылғанын көрсетті. Бақылау нәтижелері педагогтердің оқу-тәрбие процесін дер кезінде түзетуіне, балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескеріп жұмыс жүргізуіне және тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға негіз тапқан. Жеке даму карталары нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес уақтылы толтырылып, бақылау нәтижелері бойынша жоспарланған іс-шаралар толық көлемде жүзеге асырылатындығы анықталды. Бұл бөбекжай қызметінің қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстың тиімді ұйымдастырылғанын айғақтайды. Әр оқу жылында тәрбиеленушілерге бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг өткізіліп, нәтижелері жеке даму карталарында толық рәсімделген. Жүргізілген талдау нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторингтің нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жүйелі жүргізілетіні анықталды. Тәрбиеленушілердің кемінде 80% дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етілгендіктен бұл өлшемшарт бойынша 5 балл берілді.

- 17) Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы: (балалар тізімі (жас топтарына қарай), қозғалысы)
2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары «Балбөбек» жеке бөбекжайындағы тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және топтарды қалыптастыру жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің қолданыстағы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік

қағидаларына», Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға қатысты өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылған. Оқу жылының басында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері, туған жылы, ата-аналардың өтініштері ескеріле отырып, олар тиісті жас топтарына ауыстырылып отырылған. Жас топтары нормативтік құжаттарда белгіленген жас кезеңдеріне сәйкес қалыптастырылып, топтардың толықтырылуы қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен Үлгілік қағидалардың нормалары сақтала отырып жүргізілгендігі анықталды. Тәрбиеленушілерді қабылдау, топтан- топқа ауыстыру және шығару бөбекжай басшысының бұйрықтары негізінде рәсімделген. Топтардың құрамы оқу жылы бойы есепке алу құжаттарымен сәйкестендіріліп, тәрбиеленушілердің қозғалысы белгіленген тәртіппен тіркелген. Жас ерекшеліктеріне сай 5 жасқа толған балалар мектепалды сыныптарына шығарылып отырған.

(2023-2024 2024-2025 2025-2026 оқу жылдарында тәрбиеленушілердің тізімі мен қозғалысы (жас топтарына қарай) 2 қосымшаға салынып, сайтқа орналастырылды)
Қорытынды: Жүргізілген талдау нәтижесінде оқу жылының басында тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және топтарды қалыптастыру жұмыстары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына толық сәйкес ұйымдастырылғаны анықталды. Топтар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес жасақталған, құжаттамалар уақтылы рәсімделген. Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі толық сақталғандықтан бұл өлшемшарт бойынша 5 баллмен бағаланды.

- 18) Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту: (ата-аналармен жұмыс жоспарлары, хаттамалары, ақпарат)**
 Бөбекжайда тәрбиеленушілердің ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылып отырған. Бағаланған оқу жылдары барысында ата-аналармен өзара ынтымақтастықты дамыту мақсатында ата-аналар жиналыстары, ашық есік күндері, консультациялар, дөңгелек үстелдер, семинар-практикумдар, шеберлік сағаттары, бірлескен мерекелік іс-шаралар, шығармашылық көрмелер, спорттық сайыстар және отбасылық жобалар жүйелі түрде өткізілген. Сонымен қатар, ата-аналарға балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеу, дамыту және оқыту мәселелері бойынша әдістемелік кеңестер мен ұсынымдар беріліп отырған. Педагогтер ата-аналармен кері байланысты әртүрлі форматта ұйымдастырылған, балалардың жеке даму нәтижелері туралы ақпарат тұрақты түрде ұсынылып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мен даму динамикасы талқыланды. Қажеттілігіне қарай жеке кеңестер ұйымдастырылып, отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы серіктестік қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілгендігі анықталды.

(3 жылдың ата-аналармен жұмыс жоспарлары, хаттамалары, оздырылған шаралар мәліметтері сайтқа салынды)

Қорытынды: Жүргізілген талдау нәтижесінде балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстары жүйелі және жоспарлы түрде ұйымдастырылғаны анықталды. Ата-аналармен өзара іс-қимылдың әртүрлі нысандары жүзеге асырылған: әкелер, аналар және әжелер клубтарының жұмысы, ата-аналар жиналыстары,

кеңестер, бірлескен іс-шаралар, ашық есік күндері және жеке консультациялар уақытылы жүргізілген. Барлық жылда да ата-аналармен жылдық жұмыс жоспарлары, хаттамалар және өткізілген іс-шаралар материалдары толық рәсімделген және жинақталған. Ата-аналармен жүргізілген жұмыс нәтижелерінің көшірмелері ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырылды. Өзін-өзі бағалау нәтижесінде ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстарының жүйелі түрде және толық көлемде жүргізілетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша 5 баллмен бағаланды

Материалдық- техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар

- 19) **Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының «Мектепке дейінгі, орта орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі:** (бөбекжайдың материалдық-техникалық базасы туралы мәлімет, жиһаздар мен жабдықтардың тізімі, кабинеттер мен топ бөлмелерінің, асхана, медицина бөлмесінің жабдықталуы)
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы №265 бұйрығына сәйкес «Балбөбек» жеке бөбекжайын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету нормалары басшылыққа алынған.
- Осыған сәйкес жыл сайын «Нұрхан» ЖК тарапынан арнайы қаражаттар бөліп, бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен нығайту қолға алынған. «Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайына 2023–2026 оқу жылдарында бөбекжайдың техникалық базасын нығайту мақсатында 28 565 785 (жиырма сегіз миллион бес жүз алпыс бес мың жеті жүз сексен бес) мың теңге қаражатқа ойыншықтар мен жиһаздар сатып алынған. Оның ішінде бөбекжайға қажетті жабдықтар, ойыншықтар, асхана және кір жуу жиһаздар мен жабдықтары бар. Балалардың жас ерекшеліктері бойынша әрбір топта балаларға арналған үстел, орындық, керует, төсек жабдықтары, оқу құралдары, ойыншықтар қажетті көлемде толықтырылған (ашылған жылдан бері)
- Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдарымен толық қамтамасыз етілген. Барлық топтар дамытушы ойындар, дидактикалық құралдар, көрнекі материалдар, конструкторлар, шығармашылыққа арналған құралдар және қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға арналған жабдықтармен қамтылған. Өзін-өзі бағалау барысында бөбекжай жарақтандыру нормаларына сәйкес келетіні анықталды.
- (3 қосымшаға сәйкес жабдықтар және жиһаздармен қамтамасыз ету бойынша мәлімет басшының қолымен, мөрімен расталған кесте қоса берілді, сондай-ақ жүк құжаттарының көшірмелері және бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса берілді)

Қорытынды: Жүргізілген зерделеу нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-

	ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларының» талаптарына сәйкес келетіні анықталды. Топтық бөлмелер, оқу-тәрбие процесіне арналған кабинеттер, ойын, демалыс және тұрмыстық мақсаттағы үй-жайлар қажетті жиһазбен, ойын және дамытушы құралдармен, оқу-әдістемелік материалдармен, техникалық жабдықтармен және жұмсақ мүкәммалмен белгіленген нормаларға сәйкес қамтамасыз етілген. Жиһаздар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай таңдалған, қауіпсіздік талаптарына сәйкес орналастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасалған. Материалдық-техникалық база ұдайы толықтырылып, жаңартылып отыратындығы байқалды. Жалпы, бөбекжайдың жабдықтары мен жиһазы қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес келеді және тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін, жан-жақты дамуын, сондай-ақ тәрбиелеу-білім беру процесінің сапалы ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді. Бұл өлшемшарт бойынша 5 балл қойылды.
20)	«Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы: (ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі, терроризм паспорты, хабардар ету жүйесі, дабыл түймесі, келісім шарттар) Бөбекжайда тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында терроризмге қарсы қорғалу талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығына сәйкес жұмыс келесі нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығы «Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы», «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V ҚРЗ Заңы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы (балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нормалар), «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (онда білім беру ұйымдарының білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз жағдайлар жасау міндеті белгіленген) . Мекемеде аталған бұйрықтың талаптарына сәйкес қауіпсіздік шаралары іске асырылған. Атап айтқанда: - білім беру ұйымының аумағы мен ғимаратына бейнебақылау жүйесі орнатылған; бейнекамералар кіреберіс есіктерді, ғимараттың дәліздерін, аула аумағын, балалардың серуендеу алаңдарын және басқа да маңызды аймақтарды қамтиды; - бейнебақылау жүйесінің тәулік бойы үздіксіз жұмыс істеуі және бейнежазбалардың нормативтік мерзімде сақталуы қамтамасыз етілген; - мекемеде келушілерді тіркеу және өткізу тәртібі ұйымдастырылған, өткізу режимі сақталады; - терроризмге қарсы қорғалу паспорты әзірленіп, қолданыстағы талаптарға сәйкес өзектендіріліп отырады (объектіге қатысты талап болған жағдайда); - төтенше жағдайлар кезінде персоналдың іс-қимыл алгоритмдері бекітілген, қызметкерлерге нұсқама жүргізіледі; - эвакуация жоспарлары көрнекі орындарға орналастырылған, алғашқы өрт сөндіру

құралдары жарамды күйде ұсталады;

- қауіпсіздік мәселелері бойынша профилактикалық іс-шаралар, оқу-жаттығулар және нұсқамалар тұрақты түрде өткізілген.

«Балбөбек» жеке бөбекжайында жалпы саны 16 бейнебақылау камералары орнатылған, оның 13-і ішкі, 3-еуі сыртқы. Хабардар ету жүйесі мен дабыл түймесі 2014 жылы орнатылған, сол жылдан бастап «Масқар 81» ЖШС-мен техникалық қызмет көрсету келісім шарттары бар. Терроризм паспорты жасақталған және Жалпақтал полиция бөлімінің басшысымен бекітілген. Қауіпсіздік шаралары толық көлемде жүзеге асырылады. Аталған мәліметтер Ұлттық білім беру деректер қорындағы (ҰБДҚ) ақпараттарға толық сәйкес келеді.

(Келісім шарттар мен терроризм паспорты, бейнебақылау камералары мен домофон жүйесінің орнатылуы туралы фотосуреттер сайтқа орналастырылды)

Қорытынды:

Бөбекжайда тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің және келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша терроризмге қарсы қорғалу талаптары жүйелі түрде орындалуда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығына сәйкес ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі орнатылған және жұмыс істейді, өткізу режимі ұйымдастырылған, қауіпсіздікке қатысты ішкі құжаттар рәсімделген, қызметкерлерге тұрақты түрде нұсқама мен оқу-жаттығулар өткізіледі. Терроризм паспорты жасақталған және Жалпақтал полиция бөлімінің басшысымен бекітілген. Хабардар ету жүйесі мен дабыл түймесі орнатылған, техникалық қызмет көрсету келісім шарттары бар. Қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізіледі. Жалпы алғанда, бөбекжайда терроризмге қарсы қорғалу және қауіпсіздік шаралары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қамтамасыз етілуіне байланысты 5 баллмен бағаланды.

Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар

- 21) **ҰОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы: (оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар тізімі)**

«Нұрхан» ЖК «Балбөбек» жеке бөбекжайында оқу-әдістемелік кешендер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерілерінің тізбесін бекіту туралы» құжатына сәйкес қамтамасыз етілген.

Оқу-тәрбие процесінде бекітілген оқу-әдістемелік кешендер толық қолданылады және олар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес келеді.

Бөбекжайда барлығы 386 дана оқулықтар мен әдістемелік құралдар, үлестірмелі және демонстрациялық материалдар сатып алынған. Сонымен қатар ата-аналардың демеушілігімен балаларға арналған 47 дана қазақ және орыс тілдеріндегі ертегілер мен боямақтар жинақталған.

2023-2024 оқу жылы 108 дана, оның ішінде мемлекеттік тілдегі 108 дана

әдістемелік құралдар мен үлестірмелі материалдар сатып алынған. Оқулықтар мен

	әдістемелік құралдардың барлығы «Алматы кітап», «Атамұра», «Арман-ПВ», «Шұғылакітап» баспаларынан шыққан. 2024-2025 оқу жылы 137 дана оқулық, оның ішінде мемлекеттік тілдегі 137 дана оқулықтар мен әдістемелік құралдар алынған. Оқулықтар мен әдістемелік құралдардың барлығы «Алматы кітап», «Атамұра», «Арман-ПВ», «Шұғылакітап» баспаларынан шыққан. 2025-2026 жылы 141 дана оқулық пен әдістемелік құралдар, үлестірмелі материалдар алынған, барлығы да мемлекеттік тілде. Жыл сайын бөбекжайға «Шұғылакітап», «Алматы кітап», «Атамұра» республикалық басылымдардың әдістемелік құралдары мен оқулықтары, балаларға арналған үлестірмелі материалдар алынып отыратындығы анықталды. (4 қосымшаға сәйкес басшының қолымен, мөрімен расталған кесте салынды). <i>Қорытынды: Бөбекжайда тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес бекітілген оқу-әдістемелік кешендер қолданылатындығы анықталды. Бөбекжай қажетті оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз етілген. Оқу-әдістемелік кешендер Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесінде жүйелі түрде пайдаланылып, педагогтердің сапалы жұмыс жүргізуіне мүмкіндік беруде. Қолданылатын оқу-әдістемелік материалдар бекітілген тізбеге сәйкес келеді. Өзін-өзі бағалау барысында оқу-әдістемелік кешендердің болуы және қолданылуы талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды. Бұл бөлім өлшемшарт бойынша 5 баллмен бағаланды.</i>
22)	Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы: (тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының тізімі) Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай бөбекжайда дамытушы заттық-кеңістіктік орталар ұйымдастырылып, білім беру процесін жүзеге асыруға қажетті оқу және ойын материалдарымен қамтамасыз етілген. Топ бөлмелерінде тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған ойын және оқу құралдары орналастырылған. Атап айтқанда: - сөйлеуді дамытуға арналған көрнекі құралдар, сюжеттік-рөлдік ойындар, дидактикалық материалдар, үстел үсті ойындары және кітап бұрыштары; - сенсорлық дамуға арналған материалдар, логикалық ойындар, конструкторлар, пазлдар, есептеу және салыстыруға арналған құралдар; - бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру және музыкамен айналысуға қажетті шығармашылық материалдар; - қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға арналған спорттық жабдықтар, доптар, секіртпелер, кедергілерден өтуге арналған құралдар және дене шынықтыру бұрышы; - әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыруға арналған сюжеттік-рөлдік ойын орталықтары («Дәрігер», «Шаштараз», «Асхана», «Дүкен», «Отбасы» және т.б.) Оқу және ойын материалдары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес іріктелген, қауіпсіздік талаптарына сай келеді және білім беру қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Дамытушы орта жүйелі түрде толықтырылып, жаңартылып отырады.

	Қорытынды: Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасы, соның ішінде тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдары жарақтандыру нормаларының талаптарына сәйкес келеді. Дамытушы заттық-кеңістіктік орта тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған, білім беру қызметінің барлық бағыттарын қамтиды және тұрақты түрде толықтырылып, жаңартылып отырылатындығы анықталды. Бұл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен жарақтандыру нормаларының талаптарының орындалғанын көрсетеді. Оқу және ойын материалдары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып, тәрбиелеу-білім беру процесінде жүйелі түрде қолданылады. Зерделеу барысында топтарда дамытушы ойындар, дидактикалық құралдар, көрнекі материалдар, конструкторлар, шығармашылыққа арналған құралдар және қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға арналған жабдықтар күнделікті қолданылатындығы байқалды. Бұл өлшемшарт бойынша 5 балл қойылды.
23)	Тәрбиелеу- білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы: (компьютер, ноутбук, планшет тізімі, интерактивті, панельді тақталар, интернет желісіне қосылуы туралы ақпарат) Бөбекжайда тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдануға қажетті жағдайлар жасалған. Мекеме компьютерлік техникамен, интернет желісімен және заманауи цифрлық құралдармен қамтамасыз етілген. Тәрбиешілер мен мамандар тәрбиелеу-білім беру қызметін ұйымдастыру барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жүйелі түрде пайдаланады. Мекемедегі компьютер саны- 1 (STAR X) , ноутбук-2 (Lenovo), оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бары- 3, принтер -2, интерактивті панель саны- 1(Rio Touch-65). Интернет (нүкте) желісіне рұқсаттың болуы 1 бірлікте «Қазақтелеком АҚ» 18.01.2023 жылдың № 11 келісім шарты бойынша 10 мбит/с, факт бойынша интернеттің жылдамдығы 10 Мбит/с кең жолақты интернетке кіру шлюзі 1 компьютер нүктесіне таралып қосылған. Интернет желісіне тұрақты қолжетімділік қамтамасыз етілген және ақпараттық ресурстарды пайдалану қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды:Бөбекжайда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға қажетті жағдайлар жасалған. Педагогтер оқу қызметінде цифрлық білім беру ресурстарын, мультимедиялық және интерактивті құралдарды тиімді пайдаланады. Жалпы алғанда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі және оларды пайдалану қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда. Мекемедегі компьютер саны- 1 (STAR X) , ноутбук-2 (Lenovo), оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бары- 3, принтер -2, интерактивті панель саны- 1(Rio Touch-65). Интернет (нүкте) желісіне рұқсаттың болуы 1 бірлікте «Қазақтелеком АҚ» 18.01.2023 жылдың № 11 келісім шарты бойынша 10 мбит/с, факт бойынша интернеттің жылдамдығы 10 Мбит/с кең жолақты интернетке кіру шлюзі 1 компьютер нүктесіне таралып қосылған. Өзін-өзі бағалау барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілу деңгейі мен олардың қолданылуы талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды. Осы өлшемшарт бойынша 5 баллмен бағаланды.
24)	Ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы: Білім беру ұйымының ресми интернет-ресурсы тұрақты түрде жұмыс істейді және edu.kz домендік аймағында тіркелген. Интернет-ресурста білім беру ұйымының қызметіне қатысты ақпараттар, нормативтік құжаттар, жаңалықтар және басқа да қажетті мәліметтер орналастырылған. Сайттағы ақпараттар жүйелі түрде

жаңартылып, өзектілігі қамтамасыз етіледі. Ресми интернет-ресурстың мазмұны қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келеді және білім беру қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Өзін-өзі бағалау барысында ресми интернет-ресурстың жұмыс істеуі және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды. Дәлел құжат келісім шарт № 17.04.2026ж. ЖШС "RS SOLUTIONS" Осы өлшемшарт бойынша **5 баллмен** бағаланды.

Қорытынды: Бөбекжайдың edu.kz домендік аймағында тіркелген ресми интернет-ресурсы жұмыс істейді және онда білім беру ұйымының қызметіне қатысты ақпарат уақтылы жаңартылып отырады. Интернет-ресурста қолданыстағы заңнамада көзделген негізгі мәліметтер толық орналастырылған, ата-аналар мен қоғам үшін ақпараттың қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Осылайша, білім беру ұйымында ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы жөніндегі талаптар орындалған. Бұл өлшемшарт бойынша **5 баллмен** бағаланды.

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттау өткізу қағидаларына 1-қосымшаға сай Қазталов ауданы «Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі «Балбөбек» жеке бөбекжайы қызметінің деңгейі төмендегідей бағаланды:

Меншік нысанына және
ведомстволық
бағыныстылығына қарамастан,
мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың, бастауыш, негізгі
орта және жалпы орта білім
берудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру ұйымдарына
мемлекеттік аттестаттау өткізу
қағидаларына 1-қосымша

р/с	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Баллдары
1	Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" заңдарының талаптарына сәйкестігі	құжаттар талаптарға сәйкес, алайда техникалық сипаттағы болмашы сәйкессіздіктер бар	4
2	Білім беру ұйымы басшысының "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338	біліктілік талаптарына сәйкес келеді; тағайындау белгіленген тәртіппен рәсімделген	5

	бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі		
3	Мектепке дейінгі ұйым түрінің "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі.	толық сәйкес келеді	5
4	Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің: "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген), "Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), "Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік	басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді	5

	және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген) "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігі		
5	Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
6	Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет (оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі	80 %-дан төмен	2
7	Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесінің сәйкестігі	100%	5
8	"Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы	талаптар толық сақталған	5

9	Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы	белгіленген толымдылықтың асып кетуі немесе талаптардың жүйелі түрде сақталуы	5
10	Ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕББҚ) бар тәрбиеленушілер болған жағдайда, Үлгілік қағидаларға сәйкес топтарды жинақтау талаптарының сақталуы	бала жоқ	
11	Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОЖ), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОБ) талаптарына сәйкестігі	жоспарлау құжаттарының толық жиынтығының (жұмыс оқу жоспары, перспективалық жоспар, циклограммалар, жеке даму карталары) болуы; жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы сәйкессіздіктердің болмауы	5
12	Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі	күн тәртібінің сақталуы қамтамасыз етілген; балалар қызметінің барлық түрлері толық жүзеге асырылады	5

13	Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы	толық сәйкес келеді	5
14	ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлардың жасалуы	толық қамтамасыз етілген	5
15	ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы	МЖМБС толық кезеңдері сақталған	5
16	Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі	мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 90%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады	5
17	Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы	меңгеру мерзімі сақталған	5
18	Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту	ата-аналарды тарту ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүзеге асырылады; жұмыс түрлерінің әртүрлі нысандары жүргізіледі; ата-аналардың қатысуы және өзара іс-қимыл нәтижелері құжаттамада көрсетілген	5

19	Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары)	Кемінде 90 % сәйкес келеді	5
20	"Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы	ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді, хабардар ету жүйесі бар, дабыл түймесі бар, домофон жүйесі бар, қауіпсіздік шаралары толық көлемде жүзеге асырылады	5
21	ҰОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы	болуы және сәйкестігі	5

22	Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы	болуы және сәйкестігі	5
23	Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы	ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді	5
24	Ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы	ресми интернет-ресурс жұмыс істейді, домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген, ақпарат өзекті және заңнама талаптарына сәйкес келеді	5
Жалпы балл	108 балл		

Комиссия төрайымы:

Комиссия мүшелері:



М.М.Халимуллина

А.Ж.Жумағалиева

Т.Т.Қабдықалықова

Д.Г.Исмагулова

А.А.Кенжебаева

А.А.Төлеуғалиев

И.М.Машекенова

Комиссия хатшысы:

Б.Б.Есетова Б.Б.Есетова